



ҚОРШАҒАН ОРТА, ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

АЛТЫНШЫ ОТЫРЫС

СУ ЖӘНЕ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

ҰСЫНЫСТАР

Парламенттік ассамблея:

Әлемдегі су ресурстары мен жердің өз шегі бар және олар өсіп келе жатқан халық тарапынан қысымның астында болуына байланысты, су және жер ресурстарын сақтау мен басқару өте маңызды екенін *растай отырып*;

Коронавирус ауруының таралуы (COVID-19) және оның адамзатқа, қоршаған ортаға, әсіресе су және жер ресурстарына әсері туралы мәселені ерекше *назарға ала отырып*;

Жуырдағы жаһандық COVID-19 пандемиясының қоршаған ортаға жағымсыз да, жағымды да әсер ететінін *айта отырып*;

Топырақ пен тоғандардың қышқылдану деңгейінің жоғарылауы, биоәртүрліліктің жоғалуы, топырақ эрозиясының жоғарылауы, қалдықтар мен ластанудың көбеюі сияқты қоршаған ортаға әсер ету мәселелерін *қарастыра отырып*;

ТҮРКПА-ға мүше елдер қосылған және қабылдаған су және жер ресурстарын басқаруға қатысты халықаралық ынтымақтастық пен халықаралық конвенциялар және заңдардың маңыздылығын *айта отырып*;

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (ФАО), Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (ЮНЕП), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) сияқты су және жер ресурстарымен

байланысты мәселелермен айналысатын халықаралық институттар мен БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерінің және басқаларының қызметін *қолдай отырып*;

Жер және су ресурстарын тұрақты басқарудың шоғырландырылған келісімі мен құрылымының болмауына байланысты халықаралық бастамаларды неғұрлым тиімді және пәрменді интеграциялаудың шұғыл қажеттілігін *баса айта отырып*;

Комиссияның экологиялық сұрақтарына және су және жер ресурстарын басқарумен байланысты сұрақтарға қатысты осы баяндамасының кіріспе бөлігіне енгізілген, Комиссия отырыстарының бес ұсынысын және ТҮРКПА Хатшылығы өткізген семинарлардың үш қорытынды есебін *еске ала отырып*;

Табиғи ресурстарды, оның ішінде су және жер ресурстарын сақтау мен ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудегі заңнама тұрғысынан парламенттердің шешуші рөлін *назарға ала отыра*;

Ассамблея ТҮРКПА-ға мүше елдердің парламенттеріне ұсынады:

- a) су және жер ресурстарын басқаруға қатысты құқықтық базаны одан әрі мүше елдер арасындағы заңнаманы үйлестіре және жақындата отырып *жетілдіру*;
- b) су және жер ресурстарын басқаруды қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық мойындалған экологиялық стандарттарына сәйкес *келтіру*;
- c) COVID-19 пандемиясы немесе ұқсас жағдайлар кезінде, әсіресе заңнама саласындағы мүше елдердің әртүрлі тиісті құрылымдарының өзара ынтымақтастық және қызметтің үйлестіру жолдарын *табу*;
- d) болашақтағы негізгі проблемаларды және одан әрі әрекеттерді анықтау үшін сарапшылар мен заңгерлер арасында жүйелі түрде консультациялар *өткізу*;
- e) ел үшін маңызды және стратегиялық мақсаттар болып табылатын, су және жер ресурстарын сақтау жауапкершілігін қалыптастыру үшін халықтың әлеуметтік белсенділігін арттыру және үкіметтік емес ұйымдармен тығыз ынтымақтастық *жасау*;
- f) тиісті салалардағы ТҮРКПА-ға мүше елдердің арасындағы ынтымақтастығының басымдықтарын *айқындау*;
- g) ақпарат пен тәжірибе алмасу, кадрларды дайындау және бірлескен зерттеушілік бағдарламалар сияқты салалардағы аймақтық және екіжақты ынтымақтастықты *нығайту*;
- h) Түркияда Түркітілдес елдердің тұқым генінің бірлескен банкін құру туралы мәселені *қарастыру* және осы салада тиісті қадамдар жасау;

- i) қатысушы елдерде су және жер ресурстарын тиімді пайдалануға қатысты заңнаманы зерделеу, тиісті құжаттарды жинау және тиісті саладағы заңдарды жақындату үшін оларды *талдау*.